

"Кеден одағының бірынғай кедендік аумағына тауарлардың жекелеген санаттарын әкелу кезінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кедендік төлемдер мен салықтар салудан босатуды ұсыну мақсатындағы өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 220 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 256 бірлескен бұйрығын күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 15 ақпандығы № 191 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 23 ақпандығы № 71 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 наурызда № 16567 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес БҮЙЫРАМЫЗ:

1. "Кеден одағының бірынғай кедендік аумағына тауарлардың жекелеген санаттарын әкелу кезінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кедендік төлемдер мен салықтар салудан босатуды ұсыну мақсатындағы өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 220 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 256 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10894 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариалған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бүйрық алғашқы ресми жарияланған құнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов _____

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрінің

міндеттін атқарушы

Р. Дағенов _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК